

● **ПРЕЗИДЕНТ**
ДОСТЫҚТЫҢ БЕРІК ІРГЕТАСЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясы Тәуелсіздігіміздің нығаю тарихында айрықша рөл атқарды. Бұл туралы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясын 20 жылдығымен құттықтауында айтылған. Ақорданың баспасөз қызметі жариялаған құттықтау мәтінінде: «Құрметті қазақстандықтар! Баршаңызды Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Қазақстан халқы Ассамблеясы — бейбітшілік пен келісімнің, қасиетті Отанымызда өмір сүріп жатқан барлық этностар достығының ең басты және берік іргетасы. Ол елдігіміздің қалыптасуы, Тәуелсіздігіміздің нығаю тарихында, Қазақстан Республикасының Конституциясын жалпы халық болып қабылдауда, терең экономикалық реформалар жүргізуде және қоғамымыздың әлеуметтік және саяси негізін ауқымды жаңғыртуда айрықша рөл атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы біздің көпұлтты халқымыздың бірлігін сақтайтын мәңгілік қорғанына айналды. Ол бірлік, тұрақтылық, толеранттық, жалпыға ортақ еңбек, патриотизм сияқты ортақ құндылықтарымызды қазақстандықтардың санасына сіңіруде» делінген.

ПАРТИЯ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫН
ШАҒЫРУ ТУРАЛЫ

Кеше облыс әкімі, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қырымбек Көшербаевтың жетекшілігімен облыстық филиалдың саяси кеңесі бюросының кезектен тыс отырысы өтті.

Облыс әкімі, филиал төрағасы кадрлық өзгерістерге тоқталды. Басқа жұмысқа ауысуына байланысты Жанлос Базартай облыстық филиал төрағасының орынбасары қызметінен босатылды. Филиал төрағасы оған атқарған еңбегіне алғысын білдіріп, облыстың «Құрмет грамотасын» табыс етті.

«Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбектің бұйрығымен облыстық филиал төрағасының орынбасары болып осыған дейін қала әкімінің орынбасары қызметін атқарған Роза Боханова тағайындалды. Осыдан кейін 2015 жылғы



Сыр бойы



3 **НАУРЫЗ СЕЙСЕНБІ** 2015 ЖЫЛ №31 (18919) **ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ** 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ **www.syrboyi.kz**



ЕКІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕКПІНДІ ЖОБАЛАРЫ



Баршаға белгілі, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен елімізде Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының алғашқы бесжылдығы сәтті аяқталды. Атап айтқанда, бұл жылдар ішінде елімізде өндіру мен өңдеу салаларында көптеген маңызды жобалар жүзеге асырылып, оларда жүздеген адам жұмыспен қамтылды. Мемлекет басшысы өзінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында әлемді шарлаған дағдарысқа Қазақстанның төтеп беру жолдарын айқын ашып көрсетіп берді. Соның ішінде Елбасы индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында бұрын басталған жобаларды жүзеге асыру екінші бесжылдықта да жалғасын табатынын атап өтті.

Елбасының бастамасымен экономиканың дамуына даңғыл жол ашатын бұл іске өткен жылдар ішінде Сыр өңірі де лайықты үлес қосты. Соның бір көрінісі, жақында халық алдындағы есепті кездесуде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өткен жылы облыста жалпы құны 6 млрд 700 млн теңгені құрайтын 12 өндіріс орнының ашылғандығын айтып өтті. Бұл өндіріс орындары бүгінде қалыпты жұмыс істеп, оларға жүздеген адам жұмысқа тартылған. Облыс экономикасының әлеуетін айтарлықтай көтеруге атсалысатын мұндай жобалар биылғы жылы да жүзеге асатын болады.

Айта кету керек, өткен жылы облыста өңірлік Индустрияландыру картасына жалпы құны 4,8 млрд теңгені құрайтын «Максима логистика Қазақстан» ЖШС-ның керамикалық кірпіш шығару зауыты және «Қызылорда аз тонналық мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-ның жұмыс жасап тұрған мұнай өңдеу зауытын кеңейту жобалары қолға алынды. Мұнан бөлек ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне облыстан жалпы құны 136,4 млрд теңгені құрайтын үш жоба республикалық Индустрияландыру картасына қосу үшін жолданды.

Облыста тау-кен кешенін дамыту мен сырттың электр энергиясына тәуелділіктен арылу үшін маңызды жобалар қолға алынууда. Бұл орайда өңіріміздегі «Шалқия» қорғасын-мырыш кенішін «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп игеру жұмыстарының басталып кеткені де белгілі. Жоғарыда айтқанымыздай



республикалық Индустрияландыру картасына ұсынылған жобаның бірі «Тау-кен Самұрық» АҚ «Шалқия Цинк» ЖШС «Шалқия» кен орнында «Шалқия полиметалдық кен орны өнеркәсіптік байыту және кен байыту фабрикасының құрылысы» жобасын іске асыруы жоспарлануда. Бұл жобаның құны 75,9 млрд теңге. Ол толықтай іске қосылғанда 1540 адам жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі. Жалпы бұл жоба бойынша кеніштен жылына 66 мың тонна қорғасын және 230 мың тонна мырыш-қорғасын өндіру көзделуде.

Ал қалған екі жоба облыстың сырттың электр энергиясына тәуелділіктен арылуға әрі жасыл экономикаға бағытталған. Оның бірін «ЮжШахтоСтрой» ЖШС «Қуаттылығы 75 мвт жел-электр станциясының құрылысы» жобасын жүзеге асыруды қолға алады. Бұл жобаның құны 52,5 млрд теңге. Ол пайдалануға берілгенде 40 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар екінші осындай жобаны «Global Energy Company» ЖШС жүзеге асырады. Бұл серіктестік Жаңақорғанда «Қуаттылығы 24,94 мвт жел-күн электростанциясы құрылысы» жобасын салады. Оның құны 8 млрд теңгені құрайды. Әрі жұмыс істей бастаған кезде онда 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады.

Сонымен, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруда екінші бесжылдықтың алғашқы жылына да аяқ бастық. Осы

● **МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ**
АБАЙДЫҢ ӘНІМЕН БАС ЖҮЛДЕ АЛДЫ

Қызылордалық әнші Константин Луца Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай ұйымдастырылған «Менің Қазақстаным» атты этномәдени бірлестіктердің республикалық музыкалық фестиваліне қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Елордадан олжалы оралған өнерпазды жерлестері пойыздан күтін алып қошемет көрсетті.



етсем деген мақсатпен өнер көрсеттім. Қазақтың бас ақыны Абайдың әнін айтып, фестивальда жеңімпаз атандым. Өнерге баулыған ұстаздарыма, байқау ұйымдастырушыларына, мені қолдап-демегендерге алғысымды айтамын, – дейді молдаван ұлтының өкілі.

Айта кетейік, мемлекеттік тілді еркін меңгерген Константин Луца 1995 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданының Тереңезек кентінде дүниеге келген. Тереңезектегі №36 Ә.Тәжібаев атындағы орта мектептің түлегі. Білім ордасында жүргенде көптеген сайыстарға

қатысып, Семей, Орал қалаларында өткізілген «Абай оқулары» байқауының ІІ, ІІІ орын жеңімпазы, Байқоңыр қаласында өткізілген «Звонкие голоса Байконура» байқауында Абай әндерінен ІІ орын жеңімпазы, сонымен қатар, республикалық «Бозторғай» конкурсының лауреаты атанған. Қазіргі таңда Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде «Құрылысшы» мамандығы бойынша жоғары білім алууда. Сабактан бөк уақытында қосымша жеке мекемеде аниматор болып еңбек етеді.

Дәурен ОМАРОВ.

● **БРИФИНГ**
ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ
ШАРАЛАР ТҰРАҚТЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

“Сыр медиа” ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында бұқаралық ақпарат өкілдерімен кездескен облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова облыста дағдарысқа қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде айтып берді.

Сәуле Ибрагимқызы алдымен әлемді шарлаған дағдарыстан келетін қауіптің алдын алу мақсатында 2013 жылғы қыркүйек айында облыс әкімінің өкімімен облыстық дағдарысқа қарсы штаб құрылғанын жеткізді. Бұл штабтың негізгі мақсаты облыстың әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуын қамтамасыз ету және экономиканың даму қарқынының бәсеңдеуіне әсер тигізетін теріс жағдайларды анықтау мен еңбек нарығындағы тұрақты жағдайды ұстап тұру көзделген. Сонымен қатар штаб жұмысында өндірісте, банк саласы мен тұтыну нарығында дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеу мен оларды талқылау жайы да қаралған. Дағдарысқа қарсы штабтың жұмысына өкілетті орган болып облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы бекітілген.

Өткен жылдың қорытындысымен дағдарысқа қарсы штаб 12 мәрте өз отырысын өткізген. Сол отырыстарда азық-түлік және азық-түліктік емес

тауарларға, ақылы қызметтерге бағаның өсуіне жол бермеу, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-шаралар мен жалақыға қарыздар көлемін және жұмыссыздық деңгейін азайту секілді өзекті мәселелер талқыланды. Соның ішінде осындай атқарылған жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күндері ең өзекті болып табылатын жалақыға қарыз көлемін 49,3 млн. теңгеден 11,6 млн. теңгеге дейін төмендетуге қол жеткізілді. Сондай-ақ, нақты секторда жаңа өндірістер ашу, шағын бизнесті дамыту және әлеуметтік нысандарды пайдалануға беру есебі бойынша облыста өткен жылы 11356 жаңа жұмыс орны ашылды.

Облыста жұмыссыздық деңгейі бес пайызды құрап, республикалық деңгейде қалыптасты. Сондай-ақ, өткен жылдың желтоқсан айында бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 118994 теңгені құрады. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда жалақының 7,8 пайызға артқанын көрсетеді.

Халықтың алғаш кезекте тұтынатын азық-түлік өнімдеріне бағаны тұрақтандыру үшін өткен жылы тұрақтандыру қорына облыстық бюджеттен 180 млн теңге бөлінсе, биыл осы мақсатқа 200 млн теңге бөлінді. Соның арқасында күнделікті тұтынатын азық-түлік тауарларының бағасы республикалық орташа бағадан төмен болып отыр.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

● **АЛҚА**
КӨЛІК КЕРУЕНІНЕ КЕМЕЛ ЖОЛДАР

Облыс әкімінің орынбасары Н.Әлібаевтың төрағалығымен облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының алқа мәжілісі өтті. Селекторлық кеңес түрінде өткен мәжіліске облыс, қала, аудан әкімдерінің орынбасарлары, ОИД қызметкерлері қатысты. Сала басшысы М.Бәйімбетов басқарманың былтырғы жылы атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері жайында баяндады.

Өткен жылы Сырдария өзенінен Тереңезек кенті тұсынан және Қызылорда қаласынан көпір құрылысын салуға, жоба-сметалық құжаттамалар және техникалық-экономикалық негіздемелер әзірлеу жұмыстарына 2014 жылы республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 11640,4 млн теңге бөлінді. Сонымен бірге 262 шақырым автокөлік жолдары күрделі және орташа жөндеуден өткізілді. Нәтижесінде, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық үлесі 57% құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3%-ға артқандығын көрсетеді.



Биыл жергілікті жолдар желісін дамытуда аймақтағы маңызды 73 млрд құрайтын 17 жоба ұсынылған. Атап айтқанда, Арал ауданының «Самара-Шымкент-Арал-Жақсыкылыш-Токабай-Абай» (2,0 млрд теңге), Қазалы ауданының «Қожабақы-Аранды» (161 млн теңге), Қызылорда қаласындағы көпір құрылысын қаржыландыру, оның көлемін 2015 жылы 2 млрд теңгеге көбейтуге республикалық бюджетке ұсыным берілген.

Биыл жергілікті жол желісін дамытуға республикалық бюджеттен 3 197 млн теңге және облыстық бюджеттен 1 195,0 млн теңгеге Қызылорда қаласындағы көпір құрылысының жұмысы жалғаспай. Сондай-ақ, 100 шақырым аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына қайта жаңғырту және құрылысын салу және тірек елді мекендер көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалы қызметі сапасын арттыру мақсатында «Байқоңыр» ӘКК» АҚ-мен қалалық автобус паркін жаңартудың 2 кезеңі іске қосылады. Онда «Байқоңыр ӘКК» АҚ, қала әкімдігі және Еуропалық қайта құру және даму банкі арасында жасалған ұшжақты



меморандум негізінде биыл қосымша 100 дана заманауи автобус әкелу және көгілдір отын өңдейтін кіші станциясы бар жаңа автобус паркін салу көзделіп отыр.

Әуе көлігі қызметіне орай «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайы арқылы аптасына барлығы 20 рейс орындалуда. Былтыр әуежайдан 83,5 мың жолаушы жөнелтілген. Ағымдағы жылдың 27 қарашысынан бастап жиілігі аптасына 3 рет «Tajik Air» авиакомпаниясының «Қорған төбе-Мәскеу» бағытындағы борты техникалық қонуға әуежаймен қабылданады. Сондай-ақ, маусым айынан бастап жаңа «Қызылорда-Анталья-Қызылорда» бағытында чартерлік рейс қолға шығады.

Өткен жылдың екінші жартыжылдығында «Жезқазған-Сексеуіл-Бейнеу» темір жолы іске қосылды. Қазіргі таңда, Сексеуіл станциясында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салынып, жаңа жұмыс орындары ашылып жатыр.

Биыл аймақ жолдарында көлік керуендерін көптеп көретін боламыз.

Нұрбек САҒАДАТ.

САЙЛАУ – ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ, УАҚЫТ ТАЛАБЫ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ФОРУМЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВҚА ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІ

Біз, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған «Менің Қазақстаным» Қазақстан халқы форумына қатысушылар, Ассамблея мүшелері, Парламент Мәжілісінің депутаттары, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер өкілдері, Қазақстанның барлық өңірлерінің делегаттары, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, Ассамблеяның құрдастары, ғылыми және шығармашылық интеллигенция, жастар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері осы үндеулі қабылдаймыз.

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!
Қазақстан халқы Сіздің Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлығыңызды ерекше ықыласпен қабылдады.

Біз Халықтық Ассамблеяның кезектен тыс сайлау өткізу туралы бастамасын қолдағаныңыз үшін Сізге зор алғысымызды білдіреміз.

Біз бұл тағдырлы шешімнің қабылдануы уақыттың талабы деп білеміз. 25 ақпанда жарияланған Қазақстан халқына Үндеуіңізде Сіз осы маңызды қадамның қажеттілігі мен заңдылығын нақты негіздеп бердіңіз. Біздің бәрімізге қоғамның тұрақтылығы мен бірлігі, ертенгі күнге деген нық сенім, жұмыс орындары мен әлеуметтік кепілдіктердің, жалақы мен шәкіртақының сақталуы қажет. Қазақстан халқы, әрбір азамат өзінің жеке қауіпсіздігіне, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне сенімді болуы далайды. Біз ғаламдық саяси қақтығыстар мен дағдарыстар ушығып тұрғанда, жүргізіліп отырған салмақты ішкі және сыртқы саясатты жалғастыру арқылы ғана, қол жеткізген жетістіктерімізді сақтап, алға жылжыта алатынымызға сенімдіміз.

Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз өз Жолдауыңызда бізді алдымызда күрделі кезең күтіп тұрғанын ашық айттыңыз.

Бұл халық түсіністікпен және қолдаумен қабылдаған, нағыз Елбасына лайық, ерлік қадам болды.

Осымен бірге Сіз мемлекет пен қоғамның нақты іс-қимыл жоспары – «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық саясатын ұсынып, біздің ғаламдық дамудың қиындықтарын еңсеруге сенімдімізді бекіттіңіз. Бұл үшін Қазақстанда қажетті ресурстар – 2050-Стратегиямыз, қоғамдық келісімміз бен бірлігіміз бар.

Сіз айтқандай, Президент сайлауы – бұл патриоттық акт, елімізді жаңа қарқынмен дамытудың және азаматтардың әл-ауқатын арттырудың басты міндеттерін шешу үшін экономикамын тұрақтандырудың, азаматтық жарасым, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтудың қуатты бастауы. Сондықтан да біз Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күні, Сізді барша қазақстандықтар асыға күтіп отырған келесі қадамды жасауға шақырамыз.

Біз Сізден, Президент сайлауына қатысуыңызды сұраймыз! Бұл қадам Ассамблеяның кезектен тыс президент сайлауын өткізу туралы жалпыхалықтық бастамасынан туындайды.

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіздің ел алдындағы абыройыңыз биік. Еліміздің азаматтары Сізге сенім артты. Сіз ең күрделі кезеңдерде елді басқарудың айрықша тәжірибесінің иесісіз, Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан қаншама сынақтардан қайыспай өтті. Халық шын мәнінде төңдесіз экономикалық жетістіктерімізді, әлеуметтік табыстарымызды, тұрақтылығымызды және ертенгі күнге деген сенімдімізді Сіздің атыңызбен байланыстырады. Халықаралық қауымдастық Сізді беделді және саясилық көңілбашы ретінде таниды. Сіздің бейбіт сыртқы саяси бастамаларыңыз басты халықаралық ұйымдар тарапынан, әлемдік деңгейдегі көшбасшылардың және миллиондаған қарапайым адамдар тарапынан ғаламдық қолдау тапты. Сіздің халықаралық беделіңіз біздің еліміздің маңызды сыртқы экономикалық активі, сыртқы қауіпсіздігіміздің кепілі және инвестициялар тарту үшін ынталандыру болып табылады.

Құрметті отандастар!

Бүгін біз, өзіміздің көшкер елдіңдегі жауапкершілігімізді сезініп, халық пен ел мүдесін ескере отырып, азаматтық және патриоттық парызымызды орындау мақсатында Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтан кезектен тыс Президент сайлауында өз кандидатурасын ұсынуын сұраймыз. 20 жыл бұрын Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен Тәуелсіз Қазақстанның басты жетістіктеріне негіз болған дұрыс қадам жасалған болатын. Бүгін де біз барша халықты болашақ ұрпақтың жарқын келешегі үшін, Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мен гүлденуінің бірден-бір дұрыс таңдауы ретінде, біздің үндеуімізді қолдауға шақырамыз!

Астана, 2015 жылғы 28 ақпан.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай «ҚХА: тұрақтылық, келісім, өрлеу» атты облыстық ғылыми-танымдық конференция болып өтті. Университет ғалымдары, облыстағы этномәдени орталықтарының жетекшілері, қоғамдық келісім орталықтарының жетекшілері мен студенттер қатысқан жиында Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жаңғыруы, еліміздегі этносаралық және конфес-

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

сияралық үрдістердің маңызы мен өзекті мәселелері талқыланды. Шараына Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы хатшылығының басшысы Ләйла Төрешоева ашты.

«Биылғы жыл маңызды оқиғаға толы. Еліміз Қазақ хандығының – 550, Ұлы Жеңістің – 70, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституцияның 20 жылдығын атап өтпек. Өздеріңіз білетіндей, Елбасының бастамасымен 1995 жылы ҚХА құрылды. Бұл қоғамдық келісім идеясын іске асырудың негізгі тетігі болды. Бүгінде Ассамблея өзінің 20 жылдық мерейтойында ұлт тарихындағы жаңа белесті, яғни, мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы бастамасын көтерді. Аталмыш бастама көпшіліктің қолдауына ие болып отыр. Бұл сайлау еліміздің тұрақты дамуы мен өлемнің ең озық елдері қатарына қосылудың негізгі шарты болып, барша қазақстандықтардың байыпты таңдауы болмақ. Осындай маңызды бастамалар көтере білген Ассамблея бүгінде көпзносты Қазақстан халқын топтастыра алатын белсенді қоғамдық институтқа айналғандығын көрсете білді», – деді Л. Төрешоева.

Мұнан соң сөз алған Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Нұрлыбек Мынжас ұлттық сана мен тағаттылықтың тарихын баяндаса, Қоғамдық келісім орталығы дирек-

торының орынбасары Асылбек Жұмабаев ҚХА-ның қазіргі кезеңдегі қызметінің негізгі бағыттарына тоқталды. Ал Қоғамдық келісім орталығының ғылыми сараптама және әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Уәлихан Ібраев пен №2 «Мұрагер» мектебінің тарих пәні мұғалімі Асқар Шарманов Ассамблеяны құрудағы басты қажеттілік, оның тарихы мен жеткен жетістіктерін сөз етті. Шара соңында жиыға қатысушылар Үндеу қабылдап, 26 сәуірде өтетін Президент сайлауына Елбасының қатысуын сұрады. Онда тәуелсіздікке қол жеткелі бері еліміздің барлық жетістіктерінің бастауында Елбасының қолтаңбасы тұрғандығы, осыған орай, ел іргесінің бүтіндігін, мемлекетіміздің даму қарқынының бәсеңдемеуін, конфессияаралық татулық пен этносаралық ынтымақтың бұзылмауын, қоғамдық



келісімнің одан әрі нығая түсуін қалайтындықтары айтылды. Сыр жұртшылығын белсенді қатысуға шақырды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ЕЛ БОЛАШАҒЫ ЖОЛЫНДА

Кеше «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациял орталығында «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» қауымдастығы БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді. Онда заңды тұлғалар қауымдастығы Президент сайлауына байланысты аймақ тұрғындарына Үндеу жариялады.

«Біз, «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» қауымдастығының мүшелері болашаққа деген жауапкершілігімізді сезіне отырып, үстіміздегі жылдың 26 сәуірге өткізілетін Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын ұйымдастырған түрде өткізуге атсалысуға және сайлауға белсене қатысуға облыс тұрғындарына Үндеу жолдаймыз», – деп мәлімдеді қауымдастық төрайымы Ө.Әбілхалықова.

«Қауымдастық мүшелері осы маңызды мәселе бойынша ұстанымын білдірулі өзінің азаматтық борышы деп санайды. Өйткені, әлемдік экономикалық дағдарыс

пен күрделі халықаралық жағдай орын алып отырған тұста сайлау өткізу туралы жалпыхалықтық бастаманың көтерілуі уақыт талабы болып табылады. Әлемде тұрақсыздық орын алған күрделі кезеңде еліміз стратегиялық бағытынан айнымай, Қазақстанды жаңғырту және дүниежүзінің озық 30 елінің қатарына енуі үшін жұлдызтай жұлмыз білу қажет. Бүгінде «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасын және «Қазақстан-2050» ұзақмерзімді Стратегиясын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерімізді біріктіру қажет деп санаймыз.

«Қазақстан жылдан жылға гүлденіп, әлемнің белді ері беделді мемлекетіне айналды. Сыр бойының азаматтары әлемнің ең озық экономикасы дамыған мемлекеттер қатарына енуге мүмкіндік беретін «Қазақстан-2050» Стратегиясын, «Нұрлы жол» бағдарламасын қолдайды. Біз барша облыс сайлаушыларын, азаматтық қоғам өкілдерін және ел патриоттарын Сыр жастарын Президент сайлауына біріксідей қатысуға шақырамыз!» – деді қауымдастық мүшелері.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

САЛИКАЛЫ САЯСАТТЫҢ НӘТИЖЕСІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы бастамасын Елбасының қолдағаны көпшіліктің көкейінен шықты. Мен халық қалауына, яғни облыстық мәслихат депутаты ретінде өз пікірімді қосуды ең санадым.

Тәуелсіз Қазақстанның көптеген жетістіктерді бағындырғанын күллі әлем мойындауда. Осынау толымды тіріліктер Тұңғыш Президентіміздің сарабалд саясатының жемісі екені даусыз.

Быыл көптеген мемлекеттер экономикасына дағдарыстың елеулі әсер етіп тұрғаны жасырын емес. Ал біздің елімізде оған қарсы қажетті шаралар жасалып жатыр. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасымыз Н.Назарбаев мемлекет қаржысын онтайлы, орныммен жұмсауды тиісті басшылыққа тапсырғаны, тұрақтылық пен ынтымақты сақтау да күн тәртібіне тұрақты қойылғаны оқимдарғандарға мәлім. Бұл «Төртеу тугел

болса, төбедегі келеді» деген даналық тәмсілді тағы да есімізге салды. Терең түсінігенге Президент сайлауын өткізу өте орынды екені анық аңғарылады. Осынау әлемді қаржы дағдарысы торлаған кезеңде мұндай батыл әрі нақты қадам жасау елдің болашағын ойлау деп санаймын.

Оған қоса Президентіміздің барлық сауда желілерінде отандық тауарларды дамыту үшін «Қазақстанда жасалған» акциясын қолға алуды тапсыруы да қоңіл қуантады. Дағдарыстың зардабын болдырмау үшін жасалған мұндай әрекет батыл қолдау көрсетуге лайықты. Дағдарыстан қиналмай шығу, елдегі татулық-бірлікті нығайта түсуі өзімізге байланысты.

Самұрат ИМАНДОСОВ,
«Рза» акционерлік қоғамының президенті,
облыстық мәслихат депутаты.
Қазалы ауданы.

Қазақстан Республикасы Президенті сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық, қалалық және аудандық газеттерде сайлауалды материалдарды орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

«Сыр бойы» www.syrboyi.kz газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы: А2, А3. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымны аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері. Таралымы – 24 808 дана. «Қызылординские вести» www.kzvesti.kz газеті 1930 жылдың 1 қантарынан шығады. Газет форматы: А2, А3. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымны аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 6 828 дана.

Газеттің 1 шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептенгенде: Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 650 теңге; Ішкі беттерде орналастыру – 325 теңге; Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 390 теңге; Сондай-ақ «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық, қалалық және аудандық газеттер бойынша: Облыстық «Ақмешіт жастары»,

Қызылорда қалалық «Ақмешіт аталығы», Арал аудандық «Тол-қы», Қазалы аудандық «Қазалы», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы», Сырдария аудандық «Тірілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы».

Шығарылымны аптасына екі рет: сәрсенбі, сенбі күндері.

Газеттердің таралымы: 7700 – 3000 дана аралығы.

Газеттің 1 шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептенгенде: Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 650 теңге; Ішкі беттерде орналастыру – 325 теңге; Ең соңғы түрлі-түсті бетте – 390 теңге.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-49, 8 (7242) 70-00-52. E-mail: smjaglam@mail.ru

Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы «...»

Ж. Сүлейменов

Қызылорда облысының елді мекендерінде жануарларды асырау Қызылорда

ЖОБА	
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ІШКІ ТӘРТІБІНІҢ ҮЛГІ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ	
«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :	
1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымының ішкі тәртібінің Үлгі қағидалары бекітілсін.	
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.	
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде соң қолданысқа енгізіледі.	
Қызылорда облысының әкімі	Қ. Көшербаев
ЖОБА	
<i>Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «...» _____№ _____қаулысымен бекітілген</i>	
Білім беру ұйымының ішкі тәртібінің Үлгі қағидалары	
1. Жалпы ережелер	
1. Осы білім беру ұйымының ішкі тәртібінің Үлгі қағидалары (бұдан әрі - Үлгі қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымының ішкі тәртібінің қағидасын әзірлеу және бекіту үшін негіз болып табылады.	
2. Үлгі қағидалар білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларын әзірлеу және бекіту кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.	
3. Білім беру ұйымының қызмет режимін ескере отырып (білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тәулік бойы болуы, олардың белгілі бір уақытта ғана болуы, оқу сабақтарының ауысымдылығы және білім беру ұйымының өзге де жұмыс ерекшелігіне қарай) білім беру ұйымының әкімшілігі білім беру ұйымының педагог және өзге де қызметкерлердің жұмыс және демалыс уақыттарын режимін белгілейді.	
4. Ішкі тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымының әкімшілігі білім беру ұйымының қызметкерлерінің, сонымен қатар, білім беру ұйымының білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Білім беру ұйымының ішкі тәртібінің Үлгі қағидалармен жүктелген міндеттерді сақтауын қамтамасыз етеді.	
2. Білім беру ұйымының ішкі тәртібі	
5. Білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларында:	
1) білім беру ұйымының әкімшілігі және педагогтарының білім алушылармен және тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынасы;	
2) оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың тәртібі;	
3) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуы және өмірі мен денсаулығын сақтау, балалардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар;	
4) білім беру ұйым қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;	
5) білім беру ұйымы жұмысының басталуы және аяқталу уақыты, олардың арасындағы үзілістер;	
6) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу сабақтарының ұзақтығы қамтылуы тиіс.	
6. Білім беру ұйымының әкімшілігі қызметкерлердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, сонымен қатар, олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің Білім беру ұйымының ішкі тәртібінің қағидасына қолжетімділігін және онымен таныстыруды қамтамасыз етеді.	

Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе облыстарының өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, көлік және байланыс кәсіпорындарының басшылары мен қызметкерлеріне ЕСКЕРТУ
--

«Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе облыстарының аумағында километрлік бағаналармен және ескерту таңбаларымен белгіленген «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбыры.

ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ:

Құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймағында құбыр желілерін және байланыс желілерін қалыпты пайдалануын бұзуы мүмкін, немесе олардың зақымдалуына әкелуі мүмкін кез-келген түрдегі әрекеттерді жүргізуге.

«Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС-ның жазбаша рұқсатысыз магистральдық құбыр желілерін және байланыс желілерін күзету аймақтарында:

- кез келген құрылыстарды салуға;
- кез келген түрдегі ағаштар мен бұталарды отырғызуға, жем-шөпті, тынайықтштарды, материалдарды, пішенді және сабанды қоймалауға, атқазықтарды қағуға, мал ұстауға, мұзды жаруға және қатыруға, мал суарымын жасауға;
- құбыр желілерінің, байланыс желілерінің трассалары арқылы өтпе жолдарды салуға, автомобильдік көліктің, тракторлардың және механизмдердің тұрағын ұйымдастыруға, бірлескен бактар мен бақшаларды егуге.

Жоғары баяндалғандарға қатысты барлық сұрақтар, шағымдар мен ұсыныстар бойынша келесі мекен-жайға хабарласуыңызға болады: «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан к-сі, 77, тел. +7 (727) 330-66-44, факс: +7 (727) 330-66-45, info@bsgp.kz.

	Осы арқылы «ПетроҚазақстан» компаниясының Қызылорда облысы бойынша 2015 жылға арналған стипендиялық бағдарламасына» қатысуға өтініштер қабылдаудың ашық деп жарияланғанын хабарлаймыз. Бағдарламада Қызылорда облысында тұрғылықты тұратын, 21 жасқа толмаған орта білімді Қазақстан азаматтарының бакалавр дәрежесін алуына арналған «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша атаулы стипендия қаралған.
Стипендиялық бағдарламаға қатысу үшін үміткерлердің:	
1. ҚР азаматтығы, Қызылорда облысындағы тұрғылықты тіркелімі;	
2. Орта білімі, 2015 жылғы мектеп бітіруді қоса алғанда;	
3. Жасы 2015 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 21-ден аспаған;	
4. Үлгірімінің орташа балы – 5 балдық жүйе бойынша кемінде 4, 4 балдық бағалау жүйесі (GPA) бойынша кемінде 3.3;	
5. Ағылшын тілін жақсы меңгерген деңгейі болуға тиіс.	
Қатысу өтінімдерін тапсыруға қажетті тұпшыс құжаттардың тізімі:	
1. Үлгірімді растайтын құжат:	
a. 11-сынып оқушылары үшін 10 және 11-сыныптағы үлгірім табелі;	
b. Студенттер үшін ресми транскрипт (үлгірім парағы);	
2. Жеке куәлік;	
3. 3*4 сурет - 2 дана;	
4. 2014 жылғы ҰБТ сертификаты (бар болса);	
5. Шет тілінен ресми сертификаттары (ағылшын тілінен - TOEFL / IELTS, қытай тілінен - HSK), (бар болса);	
6. Қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың дипломдары (бар болса);	
7. Қабылдау комиссиясы қажетіне қарай басқа да растау құжаттарын сұрату құқығын өзінде қалдырады.	
Құжаттар 2015 жылғы 03 наурыздан бастап 13 наурызды қоса алған мерзімге дейін мереке, демалыс күндерінен, сенбі және жексенбіден басқа күндері сағат 14:00-ден 18:00-ге дейін мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы, «Кәсіподақтар үйі» ғимараты, Өйтеке би көшесі, 17, 3-қабат, 24-кабинет, қызметкерлерді оқыту және даму тәжіебі.	
Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-97-12, 29-95-89.	
Құжаттар қабылдаудың соңғы мерзімі – 2015 жыл 13 наурыз, сағат 18:00-ге дейін.	

Әуесқой аңшылардың назарына!

Облыс көлемінде бекітілген аңшылық алқаптарда су құстарына (ата-лық үйрекке) көктемгі аңшылық маусымы 2015 жылғы наурыздың 13-і мен 27-і аралығында ашылатынын хабарлайды.

Облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясы, тел.: 23 19 66.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52

телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Хабарландыру Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2015 жылғы 17 ақпандағы ұйғарымымен «Промжестрой КЗ» ЖШС-не оңалту рәсімі қозғалды. Кредиторлардың талап-тілектері мына мекен-жайда қабылданады. Қызылорда қаласы, Өйтеке би көшесі 29 үй.
--

ЖОБА	
«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 10 ҚАРАШАДАҒЫ № 756 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ	
«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :	
1. «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 қарашадағы № 756 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4790 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2014 жылғы 15 қарашада жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізсін:	
аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:	
16-тармақ мынадай мәзмұмдағы 56-1) тармақшасымен толықтырылсын:	
«56-1) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады.»;	
21-тармағының 5), 10), 14) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:	
«1) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлеріне заңнамда белгіленген тәртіптен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды.»;	
«10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға дербес жауапты болады.»;	
«14) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырды.»;	
23-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:	
«1) Басқарма дүйенбі және жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді.»;	
2. «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.	
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Голуновға жүктелсін.	
4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.	
Қызылорда облысының әкімі	Қ. Көшербаев.

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ к руководителям и работникам предприятий промышленности, строительства, сельского хозяйства, транспорта и связи Южно-Казахстанской, Кызылординской и Актыюбинской областей
--

ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент» предупреждает, что на территории Южно-Казахстанской, Кызылординской и Актыюбинской областей проложен и введен в эксплуатацию магистральный газопровод Бейнеу-Бозой-Шымкент».

ЗАПРЕЩАЕТСЯ:

В охранных зонах трубопроводов запрещается производить всякого рода действия, могущие нарушить нормальную эксплуатацию трубопроводов, либо привести к их повреждению.

В охранных зонах магистральных трубопроводов без письменного разрешения ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент» запрещается:

- возводить любые постройки и сооружения;
- высаживать деревья и кустарники всех видов, складировать корма, удобрения, материалы, сено и солому, располагать коновязи, содержать скот, производить колку и заготовку льда, устраивать водопой;
- сооружать проезды и переезды через трассы трубопроводов, устраивать стойки автомобильного транспорта, тракторов и механизмов, размещать коллективные сады и огороды.

По всем вопросам, жалобам и предложениям, касающимся вышеизложенного, следует обращаться по адресу: ТОО «Газопровод Бейнеу-Шымкент», Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Абылай хана, 77, тел. +7 (727) 330-66-44, факс: +7 (727) 330-66-45, info@bsgp.kz.

Жарамсыз деп есептелсін Мамытоваева Арайлым Аманжоловнаның аты-на Қызылорда облысы, Арал қаласындағы №13 Т.Шевченко атындағы орта мектепті 19.06.2006 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №1617895 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ ҚР-ның Экологиялық кодексінің 57-ші бабына сәйкес жазбаша ұсыныстар мен сын-ескертпелерді жинау жолымен төмендегі жоба бойынша қоғамдық пікірді есепке алуды жүргізеді:

«Арысқум кенішіндегі жобалық тереңдіктері 1100/1300 (±250) м. игерімдік ұңғымалар құрылысының топтық техникалық жобасының қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ). Қызылорда облысы, Қазақстан Республикасы».

Материалдармен «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясында танысуға болады. Байланыс тел. 8 7242 299952: Электронды адрес: murat.mambetov@petrokazakhstan.com

Мекеме басшылары мен облыс тұрғындарының назарына!

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» акционерлік қоғамының Қызылорда филиалы барлық типтегі ГАЗ және СУ ЕСЕПТЕГІШТЕРІН қондырылған жеріне барып немесе филиал зертханасында салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізеді.

Біздің мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда к., Желтоқсан көш., 160.
Тел.: 23-57-07, 23-61-74; e-mail: otd_metr@mail.ru, kyz_naseks@mail.ru

«Ұлттық сараптау және сертификаттау

ЖОБА	
ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ	
«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :	
1. Қоса беріліп отырған Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу Қағидалары бекітілсін.	
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.	
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде соң қолданысқа енгізіледі.	
Қызылорда облысының әкімі	Қ. Көшербаев.
ЖОБА	
<i>Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «...» _____№ _____қаулысымен бекітілген</i>	
Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу Қағидалары	
1. Жалпы ережелер	
1. Осы Қағидалар орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің (бұдан әрі – Психологиялық қызмет) жұмысын реттейді.	
2. Психологиялық қызмет көрсету Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы, Бала құқықтары туралы Конвенция, сондай-ақ, осы Қағидалар ішкерінде жүзеге асырылады.	
3. Психологиялық қызмет орта білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.	
4. Психологиялық қызметтің құрылым білім беру ұйымдарының тұрғынаша, түріне және қажеттілігіне, сондай-ақ, педагог-психологтар штатының бірлік санына қарай айқындалады.	
5. Психологиялық қызметтің құжаттамасы:	
1) орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру қағидалары;	
2) орта білім беру ұйымының басшысымен бекітілген Психологиялық қызметтің күнтізбелік жұмыс жоспары;	
3) аталған орта білім беру ұйымдарының басшылары бекіткен психологиялық диагностикалау бағдарламаларын (бұдан әрі - психодиагностикалау), психологиялық тренингтерді дамыту және түзету жұмыстарын;	
4) орта білім беру саласындағы психологиялық сабақтардың, тренингтердің және басқа да психологиялық жұмыс түрлерінің әдістемелік әзірлемелерін;	
5) психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесін;	
6) білім алушылардың психологиялық дамуының жеке карталарын, топтық психологиялық портреттерін;	
7) психологиялық тексерудің нәтижелерін, қорытындысы мен ұсынымдарын;	
8) орта білім беру ұйымы басшысының мөрімен бекітілген Психологиялық қызметтің жұмыс түрлерін (психодиагностикалық, дамыту, түзету, ағартушылық, сараптамалық, әдістемелік жұмыстарды, жеке және топтық консултация беру, психологиялық қызметке сұраныс беру) есепке алуды түзеу журналын;	
9) белгіленген қызметтерге (тоқсан, жартыжылдық, бір жыл) берілетін Психологиялық қызметтің жұмысын туралы талапнамалық есептерді қамтылу.	
6. Психологиялық қызметтің жалдық жұмыс қорытындысы орта білім беру ұйымдарының есептік құжаттамаларында қамтылады.	
2. Орта білім беру ұйымдарындағы Психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері	
7. Психологиялық қызметтің мақсаты - орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолдайып, психодиагностикалық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.	
8. Психологиялық қызметтің міндеттері:	
1) білім алушылардың тұғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;	
2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;	
3) тұрғысы психологиялық-педагогикалық жердеуе негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;	
4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;	
5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушыларын проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;	
6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолыайы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консултациялық көмек көрсету;	
7) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.	
9. Психологиялық қызмет өз жұмысын психодиагностикалық, консултациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырады.	
10. Психодиагностикалық бағыттар:	
1) білім алушылардың психологиялық диагностикалау;	
2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;	
3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;	
4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындауды қамтыды.	
11. Консултациялық бағыттар:	
1) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтарға олардың сұранысы бойынша консултация беру;	
2) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтарға жеке тұғалық, кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және айналасындағылармен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен консултация жүргізу;	
3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;	
4) тұғаралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтыды.	
12. Ағартушылық-профилактикалық бағыттар:	
1) білім алушылар мен педагогтардың өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуге ықпал ету;	
2) білім алушылар бейімділігін психологиялық алдын алу;	
3) педагогтардың аттестаттауда әлеуметтік-психологиялық қолдау;	
4)әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кешестің және	

Экологиялық сараптама

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізу үшін ҚР Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитетінің Қызылорда облысы бойынша Экология департаменті РМК-на төмендегіні жолдайды:

«Арысқум кенішіндегі жобалық тереңдіктері 1100/1300 (±250) м. игерімдік ұңғымалар құрылысының топтық техникалық жобасының (ТТЖ) қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ) жобасы. Қызылорда облысы, Қазақстан Республикасы». ТТЖ-ның әзірлеген «Мұнай-газөсерлсвиз» ЖШС. ҚОӘБ-ті әзірлеген «Экотера» ЖШС.

Біздің мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда к., Желтоқсан көш., 160. Тел.: 23-53-78, 23-56-54; e-mail: labkizil@mail.ru, kyz_naseks@mail.ru
--

Облыстық филармония ұжымы Тұрмағамбет атындағы халық-аспаптар оркестрінің солісі

Қуаныш Құттымұратовтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

мединалық-психологиялық-педагогикалық консилиумдарының жұмысына ықпал етуді қамтыды.

13. Түзету-дамытушылық бағыттар:

1) жеке тұғалық өсуге арналған тренингтер өткізу;

2) білім алушылар мен педагогтардың тұғалық, зияткерлік, эмоционалды-жерілік, шығармашылық даму үйдесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру;

3) жанжалдық тұғаралық қатынастарды түзетуді қамтыды.

14. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар:

1) педагог-психологтың және кен көлемде талап етіледі- мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдык міндеттерін шеберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дәрігерлермен, дефектологтармен, логопедтермен, психо-педагогтар және т.б.) аралас-мамандармен өзара іс-қимыл жүргізу;

2) әлеуметтік-мединалық-психологиялық қызметтер туралы деректер банкін қалыптастыру;

3)

● ТҰСАУКЕСЕР

ЖҮРГЕНОВ ЖАЙЛЫ
ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ



“Жібек жолы” ойын- сауық орталығында Сыр өңірінен шыққан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов жайлы белгілі режиссер Еркін Рақышевтың “ТемірНарком Темірбек” атты түсірілген деректі фильмінің тұсауескері болып өтті. Деректі фильмді тамашалауға белгілі тұлғалар мен Т.Жүргеновтің жақын туыстары және жастар қатысты.

– Өткен жылы Т.Жүргеновтің 115 жылдығы халықаралық деңгейде аталып өткен болатын. Сонда облыс басшысы қоғам қайраткері жайлы фильм түсіруді ұсынған еді. Біз деректі фильмді 6 ай бойы түсірдік. Жұмыс барысында белгілі тұлға жайлы Өзбекстан, Тәжікстан мен Мәскеуден тың деректер табылды. Және де жүргеновтанушылар еңбектері мен Темірбектің артында қалған ұрпағының, жары Дәмеш Ермекованың жұбайы туралы тың әңгімелері арқау болды, – дейді режиссер.

Деректі фильмде қайраткердің балалық шағынан бастап, оқу оқып, белсенді қызмет атқарған кезеңдері көрініс тапқан. Оның қазақ елі үшін атқарған еңбегі мен жетістігі суреттелген. Сонымен қатар жүргеновтанушылар, тарихшылар мен жазушылардың пікірлері ұсынылған.

Сондай-ақ, шара барысында айтулы тұлға жайында Бекарыстан Мырзабайдың үш бөлімнен тұратын кітабы да қалың оқырман қауымға жол тартты.

С.АДАЙБАЕВА.

КӨПШІЛІКТІҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Тұрғанбаев Данияр Мұқанұлы 2015 жылдың 5 наурызы күнгі сағат 10.00-12.00-ге дейін «Қызылорда қаласы әкімдігі» ғимаратында (орналасқан мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, №76 үй) жеке және заңды тұлғалардың қабылдайтынын хабарлаймыз.

Қосымша ақпаратты 23-04-35 телефон нөмірінен алуға болады.

● СЕМИНАР

ЖАҢА КОДЕКСТІҢ
ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Қызылорда қалалық №2 сотында «Қолданысқа енгізілген жаңа қылмыстық, қылмыстық процесстік кодекстерді қолдану барысында туындайтын мәселелер» тақырыбында семинар-сабақ өтіп, оған аталмыш сот судьялары, қылмыстық құдалау органдарының, прокуратура және қалалық ішкі істер басқармасының өкілдері қатысты.

Семинарда «Қылмыстық істерді қарау барысында басты сот талқылауында анықталған алдын ала тергеу органдарымен жіберілген кемшіліктер жөнінде шығарылған жеке қаулылар бойынша» баяндама жасаған Қызылорда қалалық №2 сот судьясы С.Әбдіханов заңтай дәлелдемелердің тағдыры, оларды жою, сот үкіміне, қаулысына сай уақытылы орындау мәселесінде жауапты қызметкермен бірлесе жұмыс жасау қажеттігін, осы тұста кемшіліктер көп жіберіліп жатқандығын тілге тиек етті. Судья К.Қүсекеев «Тергеу судьясының міндеттері және заң талабына сай тергеу органдарына қойылатын талаптар туралы» тоқталып өтті. Сондай-ақ қала прокуратурының орынбасары Е.Бегімбаев «Тергеп-тексеру органдарымен сотқа дейінгі іс жүргізуде орын алатын процесстік заң бұзушылықтар мен қылмыстық заңда қолданудағы кемшіліктер туралы», қалалық ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары С.Әбдіғаппаров «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру және анықтама жүргізуде туындайтын қателіктер мен заңсыздықтардың алдын алу» тақырыбында ой бөлісті.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

● ОҚИҒА

БОЙЖЕТКЕН
АЖАЛ АУЗЫНАН
АМАН ҚАЛДЫ

17 жастағы бойжеткен Сырдария өзеніне батып кете жаздады. Бақытына қарай, құтқарушылар шұғыл қимылдап аман алып қалды.

25-ақпан сағат 12-ге таяғанда Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің жедел кезекшісіне дарияның ортасындағы арал жағасында бір қыздың көмек сұрағаны жөнінде хабар түскен. Оқиға орнына Оңтүстік өңірлік аэромобильдік желел құтқару жасағының басшысы Б.Ембергеновтің басқаруымен 5 құтқарушы барды. Сойтсе, 1998 жылы туылған жергілікті колледж студенті өзеннің аралына өз еркімен жүзіп барып, кері қайта алмаған екен. Құтқарушылар үрлемелі қайықтың көмегін пайдаланып, қызды құтқарады. Кімдері су болып, тонып қалған қызды жағаға шығарып, жедел-жәрдем қызметкерлерінің қарауына береді. Оған жылы киім кигізіп, алғашқы медициналық көмек көрсетті.

Құтқарушылардың жедел және кәсіби жұмыстарының арқасында қызды құтқару операциясы сәтті аяқталды. Ал бойжеткен бойын қорқыныш сезім билегендіктен не жағдай болғанын түсіндіріп, айтып бере алмады.

Дәурен ОМАРОВ.

● ТҰҒАН ЖЕР – ТҰНҒАН ШЕЖІРЕ

САУЫСҚАНДЫҚ БҮККЕН СЫР...

«Өсетін ел тарихын таспен жазады, өшетін ел тарихын жаспен жазады» деген дана халқымыз. Қызылорда облысы Шіелі ауданы аумағында орналасқан Сауысқандық шатқалы – аса құнды жәдігерлеріміз сақталған тарихи мекен. Жартастағы суреттер сыры ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұралар тізіміне енген Таңбалы тастан еш кем түспейді. Олай болса, сыр тұнған бірегей ескерткіш туралы сөз етейік.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері мен Астана қаласындағы Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының филиалымен бірлесе отырып, 2013 жылдың қараша айында Қызылорда облысы, Шіелі ауданындағы Еңбекші ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде орналасқан қола дәуірінің ең көрнекті жартаc суреттеріне барлау экспедициясын қайта жүргізді. Экспедиция барысында Атасауысқандық, Баласауысқандық тау жоталары, сондай-ақ Сауысқандық өзенінің оң жағында орналасқан Сүлеймен жайлауының іргесіндегі Үлкеншоқы, Кішішоқы тау жоталары жартастарындағы суреттері (петроглифтері) зерттелді. Зерттеу барысында Қаратау жартаc суреттерінің мерзімдік ерекшеліктері ежелгі қола дәуірінен бастап, ортағасырлық кәзіргі этнографиялық кезеңдерге дейін созылып жатыр. Жартаc суреттерінің басым бөлігі қола дәуіріне жатады. Суреттер тіршілік тынысын бейнелей отырып, қола дәуірі адамзаттың шығармашылық дамуының жарқын кезеңі болғандығын айқындайды.

Қола дәуірінде өнер түрлері, оның ішінде петроглифтер, яғни жартаcқа сурет салу өнері дами бастады. Жартаcтың теп-тегіс жазық бетіне аңдардың, адамдардың бейнесін немесе белгілі бір сюжеттік желіге құрылған тұтастай композицияны шекіп түсірген.

Бұл уақытта репертуарлары түрленіп, адамның қоршаған ортаға деген көзқарастары күрделеніп, шаруашылық-мәдени қызметтерінде технологиялық дамуы нәтижесінде ой-танымындағы өзгерістер жартаcтарға суреттермен салынады.

Олар ашық аспан астында су көздерінде орналасып, түрлі культтік-мистикалық табыну ғұрыптарын жасап, дини-мифологиялық көріністерін жартаc беттеріне түсірген, жартаcтағы суреттер арқылы айналада болып жатқан құбылыстарды, өздерінің білетін

білімі мен тәжірибесін, өздері жөніндегі мәліметтерді символдар арқылы кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған. XX ғасырдың 60-70 жылдары археология ғылымында жартаc суреттеріне деген аса қызығушылық бүгінгі күні ғалымдардың жеке-дара зерттеулеріне әкелді. Соңғы жиырма-отыз жылдықта әлем ғалымдары арасында жартаcтағы суреттерді зерттеуге жалпы ұмтылыс тарихымызға жанаша көзқарастар қалыптастыруда.

Қазақстандағы жартаc суреттерінің көп бөлігін зооморфтық бейнелер құрайды. Жартаcтардағы ешкі, арқар, өгіз, жылқы, құлан, түйе, таутеке, қабан және басқа

А.Н.Марьяшевтың «Наскальные изображения хребта Каратау» атты кітабында жарияланған. 2004 жылы археолог М.Елеуов географиялық координаттарын анықтап, жартаcтағы суреттерге толық сипаттама берген. Жартаc суреттері Үлкен Сауысқандық және Бала-сауысқандық тауларының аралығында орналасқан суреттерді шартты түрде бірнеше топқа топтастырып қарастырады.

Жартаcтағы бейнелер адамға күнделікті өмірде үй жануарлары да, дала жануарлары да таныс, шаруашылықта міндетті түрде пайдаланылғанын көрсетеді.

Әсіресе, аңдар бейнесі кішігірім



да аңдардың бейнелері егіншілік шаруашылықпен қатар дини-наным сенімінің дамуымен байланыстырылады. Қаратаудағы Сауысқандық жартаcындағы ит пен қасқыр, бұғы бейнесін кездестіруге болады.

Қола дәуіріндегі тайпалардың дүниетанымы түгелдей табиғатқа тәуелді болды, сондықтан адам табиғат күшін құлдірет деп білді. Ең маңыздысы, жартаcтағы суреттерде адамның түрлі бейнеде салынуы. Біріншіден, өсіп-өну культі (плодородие), екіншіден, сол кезеңдегі наным-сенімге сәйкес пұтқа табынушылық, үшіншіден, жаксылыққа, гүлденуге және сәттілікке ұмтылысты негізге ала отырып суреттердің салынуы.

Жартаcтағы бейнелер ғалымдар тарапынан зерттеліп, М.Қ.Қадырбаев пен

ғибадатханаларда көптеп кездеседі. Олардың ішінде ешкі мен арқарлардың бейнеленуі ғұрыптық дәстүрмен, яғни көктем мерекелерін қарсы алу немесе егіншілік культімен байланыстырылады.

Сауысқандықта жартаc суреттерімен қатар, жерлеу орындары да кездеседі. Жерлеу ғұрып, жалпақ тастардан жерге жартылай батырып, орнатқан қоршау түрінде болып келеді. Тас қоршаулардың пішімі әртүрлі, тіктөртбұрышты, кейде пілті шаршы (квадрат) түрінде де кездеседі. Әдетте, қоршаудың орта шенінде қабір болады. Қабір қабырғалары кішігірім жалпақ тастардан қаланған тас сандық сияқты. Тас сандық үсті (беті) бір немесе екі-үш жалпақ тастармен жабылады. Кейде тас сандықтың қабырғалары да тігінен қойылған үлкен жалпақ тастардан жасалады.



Яғни, осы аумақтағы жерлеу орындарымен, жартаcтарға салынған жартаcтағы суреттерден байқап, қола дәуірінің тайпалары өмір сүрді деп толық сеніммен айтуымызға болады. Осындай жерлеу орындарының құрылысы Орталық Қазақстандағы қола дәуіріне жататын Нұра кезеңінің ескерткіштеріне де тән.

Қола дәуірі тайпаларының жерлеу және ғұрыптық орындарын анықтау, оларды зерттеу ұлттық тарихымыз үшін өзекті екендігі даусыз. Бұлай деуімізге себеп те жоқ емес. Нақтырақ айтар болсақ, қазақ қоғамына тән этникалық, мәдени және шаруашылық элементтер және қазақ халқының антропологиялық негізгі қола дәуірінен бастау алады. Қаратауда ертелең қалған жартаcтағы суреттерді зерттеу, тарихи мазмұнын жан-жақты ашу қиындық келтіреді. Бұл жерде қандай тайпалар тұрды, неліктен басқа жакқа қоныс аударды, климаттық жағдайы қаншалықты дәрежеде болды деген мәселелер әлі де болса ғалымдардың алдында тұрған шешімін таппаған сұрақтар болып табылады.

2014 жылы Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.Көшербаевтың қолдауымен Сауысқандық жартаc суреттеріне құжаттамалық жұмыс жүргізіліп, ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралардың тізіміне енгізу негіздемесі дайындалуы. Еліміздің тарихи мұралары қатарына екі мәдени ескерткіш ЮНЕСКО тізіміне енген. Солардың бірі Алматы облысындағы Тамғалы жартаc суреттері. Бұл ескерткіштен Сауысқандық жартаc суреттері де кем түспейді.

Бағлан ШОРАЕВ,

Рүстем ДӨРМЕНОВ

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың, «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкерлері.

“АРАЙ” СІЗДЕРДІ
ШАҚЫРАДЫ

Өткен жылдың аяғында “Арай” ойын-сауық кешенінің ашылуы салтанатты түрде атап өтілген болатын. Қала тұрғындары мен қонақтарына арналған бұл кешенде демалымын деушілер үшін барлық жағдай қарастырылған. Кешен балаларға ғана емес, үлкендерге де кез келген қызмет түрін ұсына алады.

Айта кету керек, ойын-сауық кешенін “Мелиоратор” ЖШС “Бизнестің жол картасы-2020” мемлекеттік бағдарламасы аясында салған болатын. Заманауи үлгідегі кешен жыл бойына үздіксіз жұмыс жасап тұрады. Сауықтыру орнында 1000 адамға арналған ақапарк, 400 адамға арналған мейрамхана, 1500 адамға арналған ойын павильоны бар. Бассейндер мен спорт алаңы және жастарға арналған түнгі клуб жоғары талаптарға сай қызмет көрсетеді. Кешеннің басты қағидасы – тазалық және қызметкерлердің сапалы қызмет көрсетуі. Балалар суға түскенде оларға бақылаушылар көмек көрсете алады. Яғни, қауіпсіздік шаралары да қатаң сақталады.

Алда жаз мезгілі. Бұл кезеңде адамдар көп уақытын жағажайларда өткізетіні анық. Осы орайда аталмыш нысанның жазғы уақытқа сай қызмет түрлерінің ауқымы кеңейгендігі туралы кешеннің арт-директоры Артем Тек Люк арнайы түсіндірме жұмыстарын жасады. Орталыққа келушілерге жағажайда катамаранмен жүзуге де мүмкіндіктер жасалып отыр. Ал жаттығу залы, әдемілік салондары, массаж түрлері және келушілердің сымбатты болуына жағдай жасайды.

Тағы бір айта кетерлігі, мұндағы аспазшылар өз ісінің шебері. Олар Киев қаласында жәжірибелен арнайы өткен, “Киев аспазшылар ассоциациясының” мүшесі атанғандар. Ал кешенді аралап, қалаған қызмет түрін пайдалану қолжетімді.

● СПОРТ

ЕЛДІҢ МЫҚТЫ БОКСШЫЛАРЫ
АНЫҚТАЛДЫ



Жуырда ғана жалауы желбіреген «Қазақстанның мықты боксшылар турнирі» ел намысын қорғайтын жеңімпаздары анықтан берді. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен облыстық бокс федерациясының ұйымдастыруымен «Қазақ хандығының 550 жылдығына» орай өткізілген турнир бес күнге созылды. Тартысты бөсекке еліміздің барлық аймағынан тандауды деген 166 балғырлы қолпап шеберлері 10 салмақ дәрежесінде бақ сынады. Аталмыш чемпионатқа жастар арасында Әлем және Азия чемпионаттары мен Олимпиада ойындарында олжа салған спортшылар қатысты. Жарыс нәтижесінде 1994-1996 жылдары туылған ересектер арасында ұлттық құрама командасына алынатын үздік спортшылар анықталды.

Қызылорда облысының намысын 12 спортшы қорғап, 4 алтын, 1 күміс, 1 қола медальді иеленді. Жарысты Сидней және Бейжің Олимпиадаларының чемпиондары, атакты боксшылар Ермахан Ыбрайымов

пен Бақыт Сәрсекбаев тамашалады. Турнир жеңімпаздары мен жеңімпаздары диплом және медальдармен марапатталды. Енді ел чемпиондарының алдында үлкен міндеттер күтіп тұр. Алдағы уақытта олар, ірі халықаралық деңгейдегі жарыстарда ел намысын абыройлы қорғап, Қазақстан боксының даңқын асқақтата беретініне сенімдіміз.

Қарсыластарын қоғалдай жапырған жеңімпаздар, 49 келі салмақта Дулат Дәуітов (Қызылорда обл.) 52 келіде Сағындық Молдашев (БҚО), 56 келі салмақта Константин Брусенский (Алматы обл.), 60 келіде Ернұр Өлмесбек (Қызылорда обл.), 64 келі салмақта Абылай Алиханов (Жамбыл обл.), 69 келіде Қазыбай Жалғасбай (Қызылорда обл.), 75 келі салмақта Бекболат Есен (ОҚО), 81 келіде Тұрсынбай Құлахмет (Қызылорда обл.), 91 келі салмақта Айбек Ерметов (ОҚО) және +91 келіде Қанағат Ахмедов (Алматы) 1 орынды иеленді.

Нұрбек САҒАТУҰЛЫ.



Сондай-ақ, ойын-сауық кешенінде алдағы Халықаралық әйелдері күніне орай акция ұйымдастырылуа. Нәзік жандыларға жеңілдіктер беріледі.

Міне, енді жазғы уақытта өзге қалаға немесе шет елдерге барудың қажеті шамалы. Өйткені “Арай” ойын-сауық кешені барлық талаптарға сай, заманауи үлгіде қызмет көрсете алады.

Сара АДАЙБАЕВА.

● ҒАЛАМ ҒАЖАЙЫПТАРЫ

КӨНЕ КАРТА КОЛОДАСЫ

Әлемдегі ең ескі карта колодасы Голландияда сақтаулы тұр. Оны сол елдің астанасы – Амстердам қаласындағы антикварлық дүңгіршек иесі 1978 жылы көпшілік назарына ұсынған еді.

Сол жылы карта колодасы Франция астанасы – Париж қаласындағы аукционда сатылды. Онда картаның жасалған уақыты 16 ғасыр деп көрсетілген. Дегенмен, жүргізілген сараптама нәтижесінде бұл дүниенің одан да ерте жасалғаны анықталды. Аукционда карта 2,8 мың долларға сатылды. Арала 5 жыл өткенде сараптама нәтижесі шыққаннан кейін бағасы 143 мың долларға бір-ақ жетті.

МАЛАЙЗИЯЛЫҚ СУРЕТШІНІҢ
ЕРЕКШЕ ТУЫНДЫСЫ

Малайзиялық суретші Рэд Хонг Йи елді елден өткізерлік туындыны елдің назарына ұсынды. Жұрттың назарын өзіне ерекше аударған портрет “Tech Tarik Map” деп аталады. Оған кәлімді шайдың пакеттері жұмсалған. Суретші оларды бояп, түрлі кейіптерге енгізіп, өз дүниесін жасап шыққан. Оған 20 мың дана боялған шай пакеттері жұмсалған.



Әлемде ең кішкентай қару есебінде “Калибри” тапаншасы саналады. Айта кетерлігі, оның ені бар-жоғы 7 миллиметрді шамалайды. Салмағы 220 грамды құрайды. Ол 1913-1920 жылдар аралығында шығарылған “Эрика” тапаншасы негізінде құрастырылған.

Әділ Талап.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шіелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-69-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу күнінің №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР ІС О 9001-2009

“Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертифициқталған.

Авторларға қаламызға талсырыс бойынша төленеді, қолжазба еңделері және қайтарылмайды.

Жариялығдар газеттің түпнұсқалы қазырасын білдірмейді. “АҚ”-өңделуі қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Езгілеште” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24808

Тапсырыс № 212

Электронды оқылым 28000.